ALQA

әдеби-мәдени клубы

«АЛҚА»

әдеби-мәдени клубы



ALQA
әдеби-мәдени клубы

«АЛҚА» әдеби-мәдени клубына Астана қаласының колледж және жоғары оқу орындарының студенттері, кез келген мамандық өкілдері, кітап оқуға қызығатын барлық қала тұрғындары мүше бола алады. Клубқа мүшелік ерікті және тегін түрде жүзеге асырылады.



ALQA
әдеби-мәдени клубы

Клубтың басты мақсаты – қазақ және әлем әдебиетінің классикалық әрі заманауи шығармаларын кеңінен таныстыра отырып, қоғамда кітап оқу мәдениетін дамыту, оқырманның мәдени-интеллектуалдық деңгейін арттыру және рухани орта қалыптастыру. Сонымен қатар клуб қызметі арқылы жастардың ой-өрісін кеңейту, жалпыадамзаттық құндылықтарды насихаттау, әдебиет пен өнерге қызығушылықты арттыру көзделеді.



ALQA
әдеби-мәдени клубы



Клуб атауы XX ғасыр басында қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, ақын Мағжан Жұмабайұлы негізін қалаған «Алқа» әдеби бірлестігінің идеялық мұрасына сүйенеді.

Бүгінгі «АЛҚА» әдеби-мәдени клубы сол тарихи бастаманың рухани жалғасы ретінде әдебиет пен мәдениеттің құндылықтарын жаңа буынға танытуды көздейді.

ALQA
әдеби-мәдени клубы

Қазақстан Республикасы Ұлттық академиялық кітапханасы жанынан құрылған «АЛҚА» әдеби-мәдени клубы — қазақ және әлем әдебиетінің үздік туындыларын насихаттауға, кітап оқу мәдениетін қалыптастыруға және ізденімпаз оқырманды бір ортаға біріктіруге бағытталған рухани алаң.



ALQA
әдеби-мәдени клубы

Клуб жетекшісі: Шыңғыс Санжар Дастанұлы
Клубқа қосылу үшін: +7 747 666 23 98

Егер сіз кітапты сүйетін, әдебиет пен мәдениетке қызығатын оқырман болсаңыз, «АЛҚА» әдеби-мәдени клубының есігі сіз үшін әрдайым ашық.



ALQA
әдеби-мәдени клубы

Клуб отырысы аптасына бір рет өткізіледі.

Ай сайын клуб бағдарламасында:

- **1 көркем шығарма талқылау**
- **1 көркем фильм көру**
- **1 дәріс немесе автормен кездесу**
- **1 «Сөзталқы» форматындағы пікір алмасу.**